Бейнетіркегіш
Mi Dash Cam 1S
Пайдаланушы нұсқаулығы

Пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтап қойыңыз — ол сізге алдағы уақытта қажет болуы мүмкін.

Mi 1S бейнетіркегіші автомобильде түсіруге арналған кәсіби чиппен және кескін датчигімен жабдықталған. Ол сіз жол үстінде болғанда жоғары сапалы бейне түсіруге көмектеседі.

Пайдаланар алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Бейнетіркегішті берілген нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз.

Онлайн-нұсқаулық

Пайдалану нұсқаулығының онлайн-нұсқасын көру және бейнетіркегіштің функциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін QR-кодты сканерлеңіз

Қаптама құрамы

Mi 1S бейнетіркегіші x 1.
Автокөлік зарядтау құрылғысы x 1.
Қуат сымы x 1.
Кәбіл төсеуге арналған қалақша x 1.
Ұстағыш x 1.
Электростатикалық монтаждау жапсырмасы x 2.
Жылуға төзімді желім x 1.
Пайдаланушы нұсқаулығы x 1.

Өнімге шолу





Егер құрылғы өшірулі болса, камераны қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
Егер құрылғы қосулы болса, камераны өшіру үшін қуат түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

Үздіксіз пайдаланғаннан кейін оқу және жазу жылдамдығының төмендемеуін қамтамасыз ету үшін бейнетіркегіштегі жад картасын екі апта сайын форматтау ұсынылады. Форматтау жад картасындағы барлық файлдарды жоятынын ескеріңіз. Сол себепті бұл процесті бастамас бұрын, барлық маңызды бейнелер мен фотосуреттерді сақтау керек.

Камера қосулы кезде жад картасын салуға болмайды.

2. Бейнені сақтау жөніндегі нұсқаулық

Кәдімгі бейнелер, бейне оқиғалар және тұраққа қойылған көлікті бейне бақылау циклдік режимде жазылады.
Бұл белгілі бір түрдегі бейнені сақтау орны таусылған кезде, осы типтегі жаңа бейнені жазу кезінде ең ескі бейне автоматты түрде жойылып, жаңасына ауыстырылады дегенді білдіреді. Маңызды бейнелер өшіп қалмауы үшін оларды дереу телефонға, компьютерге немесе басқа құрылғыға экспорттаңыз.

3. Фотоны сақтау жөніндегі нұсқаулық

Бейнетіркегіш 300 фотоға дейін сақтауға мүмкіндік береді. Бөлінген орын толған кезде, қажет емес фотоларды қолмен жою қажет болады. Әйтпесе жаңа суреттер түсіру мүмкін болмайды.

Осы нұсқаулықта көрсетілген бұйымдар, керек-жарақтар, пайдаланушы интерфейсі және басқа компоненттердің суреттері схемалық сызбалар болып табылады және тек ақпараттық мақсаттарға арналған.

Өнімнің жаңартулары мен жақсартуларының шығарылуына байланысты сыртқы түрі мен ілеспе схемалары аздап ерекшеленіп, басымдыққа ие болуы мүмкін.

Тұраққа қойылған көлікті бақылау

Әдепкі бойынша, тұраққа қойылған автокөлікті бақылау функциясы ажыратылған. Оны қосу үшін баптауларды ашып, «Тұраққа қойылған көлікті бақылау» параметрін таңдаңыз.
Бұл функцияны қосқаннан кейін, қуат өшірілген сайын, бейнетіркегіш тұраққа қойылған көлікті бақылау режиміне ауысады. Егер осы режимде басқа көлік құралымен соқтығысса, бейнетіркегіш автоматты түрде бейне түсіре бастайды және оны тұраққа қойылған көлікті бақылау бейнежазбасында сақтайды. Камераны келесі қосқан кезде, ол пайдаланушыға осы бейнені көруді ұсынады.

Төменде тұраққа қойылған көлік құралын бақылау функциясы пайдаланылмайтын жағдайлар келтірілген.

1. Бейнетіркегіш ажыратылған болса немесе кіріктірілген батареясының заряды аз және сыртқы қуат көзі қосылмаған болса, тұраққа қойылған көлікті бақылау режимін қоса алмайсыз.
2. Бейнетіркегіш тұраққа қойылған авткөлікті бақылау режимінде ұзақ уақыт жұмыс істегенде, сыртқы қуат көзі қосылмаған болса, кіріктірілген аккумулятор заряды таусылады. Аккумулятор заряды өте төмен болса немесе ол толығымен таусылса, бейнетіркегіш көлік құралы соғылған кезде, тұраққа қойылған көлікті бақылау бейнесін жаза алмайды.
3. Бейнетіркегіш тұраққа қойылған көлікті бақылау режимінде жұмыс істесе, сыртқы қуат көзі қосылмаған және көлік ішіндегі температура 0 °C-тан төмен немесе 50 °C-тан жоғары болса, кіріктірілген аккумулятор жұмыс істемейді. Бұл жағдайда бейнетіркегіш көлік құралы соғылған жағдайда тұраққа қойылған көлікті бақылау бейнесін жаза алмайды.

Тұтатқыш қозғалтқышты өшіргеннен кейін де бейнетіркегішке қуат
қойылғаннан кейін, 20 минуттан соң тұраққа қойылған көлікті бақ
көлікті бақылау функциясы автокөліктің аккумуляторымен жұмыс
уақыт тұрса, оның зарядының көп мөлшерін қолдана алады. Мұнд
аккумуляторды қорғайтын арнайы сымды қолдану ұсынылады.

Тұраққа қойылған көлікті бақылау кезінде, тұраққа қойылған көлік
Автокөлік болуы мүмкін ортаның күрделілігіне байланысты бейнет
бере алмаймыз. Сонымен қатар, кездейсоқ немесе жалған іске қо
қозғалысына байланысты жалған есептер жиі жасалса, тұраққа қ

Құрылғының қолданылу мақсаты

Бейнетіркегіш – көлік қозғалысы кезінде немесе тұраққа қойылған
жазуға арналған құрылғы.



Ақ: бейне жазу.
Қызыл: бейнетіркегіш қатесі.
Жанбайды: бейнетіркегіш өшірулі немесе бейне жазбайды.



Бейнетіркегіш қатесі орын алса, қалпына келтіру түймесін түйреуішпен басып тұрыңыз. Жүйе параметрлері қалпына келтіріледі.

Орнату

1. Электростатикалық монтаждау жапсырмасын орнату



Электростатикалық монтаждау жапсырмасын ұсынылған аймақтағы әйнекке бекітіңіз (суретте нүктелі сызықпен көрсетілген). Жапсырманы бекітпес бұрын, әйнекті тазалап сүртіңіз. Орнату кезінде, жапсырма мен әйнек арасында пайда болған барлық ауа көпіршіктерін кетіріңіз.

2. Жад картасын орнату



Қорғаныс қақпағын ашып, жад картасын оң жақтағы схемада көрсетілгендей салыңыз. Сырт еткенше итеріп, содан кейін қорғаныс қақпағын орнына салыңыз.

3. Бейнетіркегіштің ұстағышқа қосылуы



Ұстағышты бейнетіркегіштің жоғарғы жағындағы ұяшыққа салыңыз және ұстағышты бейнетіркегішке мықтап бекіту үшін сырт еткен дыбыс естілгенге дейін солға қарай итеріңіз (схемада көрсетілгендей).

4. Бейнетіркегішті орнату



Қорғаныш жапсырмасын ұстағыштың түбінен алыңыз, содан кейін ұстағышты электростатикалық монтаждау жапсырмасының ортасына бекітіңіз.

5. Қуат көзінің қосылуы



Суретте көрсетілгендей, қуат сымын алдыңғы әйнектің жоғарғы жиегі бойымен, тіректен төмен және жолаушы жағынан қолдишаны айналдыра жүргізіңіз.
Кәбілдің ұшын тұтатқыштың ағытпасына апарыңыз.
Кәбілді зарядтау құралына қосыңыз, содан кейін оны тұтатқыш ағытпасына салыңыз.

Ескерту: қуат сымын резеңке тығыздағыштың астына жасыру үшін берілген қалақшаны пайдалануға болады.

т беруді жалғастырса, онда бейнетіркегіш тұраққа
ылау режиміне ауысады. Бұл жағдайда тұраққа қойылған
істеуді жалғастыра алады және автокөлік тұрақта ұзақ
дай автокөліктерде осы функцияны пайдаланған кезде,

лен соқтығысуды анықтау үшін акселерометр қолданылады.
тіркегіш әр соқтығысуды дәл анықтай алатынына кепілдік
осылу болуы мүмкін. Соқтығысуға қатысы жоқ көлік
ойылған көлікті бақылау функциясын өшіре аласыз.

 көлік айналасындағы жағдайды бейне және аудиожазбаға

Электр қуат көзі жөніндегі нұсқаулық

Бейнетіркегіш қуат көзі ретінде автокөліктің тұтатқышын пайдаланады. Тұрақты қуат көзін қамтамасыз ету үшін жинаққа кіретін зарядтау құралы мен қуат сымын пайдаланыңыз. Компания басқа қуат көздерін (автокөлік тұтатқышынан басқа), зарядтау құралы мен қуат сымдарын пайдаланудан туындаған шығындар мен залалдар үшін жауап бермейді.

Кейбір автокөліктер қозғалтқышты өшіргеннен кейін де тұтатқышқа қуат беруді жалғастырады.
Бейнетіркегішті ұзақ уақыт пайдаланғаннан аккумулятор заряды таусылуының алдын алу үшін, егер тұраққа қойылған автокөлікті бақылау функциясын қоспаған болсаңыз, қозғалтқышты өшіргеннен кейін, бейнетіркегішті қолмен өшіріңіз немесе зарядтау құралын алып шығыңыз. Автокөлікті келесі іске қосқан кезде, бейнетіркегішті қайта қосу керек. Бейнетіркегішті қолмен өшіру салдарынан болған шығындар мен залалдар үшін жауап бермейміз.

Автокөлік қозғалтқышты өшіргеннен кейін де тұтатқышқа қуат беруді жалғастыра берсе және тұраққа қойылған көлікті бақылау функциясы қосулы болса, ұзақ уақыт тұрақта тұрғанда, аккумулятордың заряды жұмсалмау үшін зарядтау құралын алып тастау ұсынылады.

Аккумуляторды пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Бейнетіркегіштің кірістірілген аккумуляторы камера өшірулі кезде бейнені аяқтауға және сақтауға, сондай-ақ тұраққа қойылған көлікті бақылау режимінде қуат алуға арналған. Сыртқы қуат көзі жоқ бейнетіркегішті пайдаланбаңыз және ішкі батареяны өзіңіз бөлшектеуге әрекеттенбеңіз.

Бейнетіркегіш ұзақ уақыт пайдаланылмаса, аккумулятор заряды нөлге дейін төмендеуі мүмкін. Қуат көзіне қосылғаннан кейін, ол дұрыс жұмыс істейді, бірақ жүйелік уақыт параметрлері қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл жағдайда камераны қосқаннан кейін уақытты қайта орнату керек.

Егер аккумулятордың заряды төмен болса және сыртқы қуат көзі болмаса, тіркегішті қосу мүмкін болмауы мүмкін. Бұл жағдайда алдымен сыртқы қуат көзін қосыңыз, содан кейін бейнетіркегішті қосыңыз және оны әдеттегідей пайдаланыңыз.

Егер аккумулятор қызып кетсе, пішіні өзгерсе немесе ағып кетсе, пайдалануды дереу тоқтатыңыз және клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақауларды жою

Іске қосу процесі	Бейнетіркегіш қосылмайды	Жинаққа кіретін қуат сымы мен автокөлік зарядтау құралы пайдаланылып жатқанына көз жеткізіңіз. Болмаса, сым мен зарядтау құралын түпнұсқаға ауыстырыңыз. Тек түпнұсқа жабдық пайдаланылса, зарядтау құралының қуат сымы дұрыс салынғанына және автокөліктің іске қосылғанына көз жеткізіңіз. Сыртқы қуат көзіне қатысты проблемалар туындаған жағдайда, бейнетіркегіштегі RESET саңылауына түйреуіш салыңыз және оны басыңыз. Бұл жағдайда бейнетіркегіш параметрлері қалпына келтіріледі.
Пайдалану процесі	қосылу кезінде бейне жазылмайды	Жад карталары барлық талаптарға сай болуы тиіс, атап айтқанда оларды сенімді өндірушілер жасауы керек және бейнетіркегіш үшін жеткілікті сыйымдылық пен класқа ие болуы қажет. Сонымен қатар оларды форматтау керек.
	Жазу өздігінен тоқтайды	Жад картасын форматтаңыз немесе оны барлық талаптарға сәйкес келетін басқа картаға ауыстырыңыз.
	Бейне бұлыңғыр болып түсіріледі	Алдыңғы әйнекте дақ жоқ екеніне және бейнетіркегіш объективіне ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
	Бейнеде дыбыс жоқ	Әдепкі бойынша, бейнетіркегіштегі жазба дыбысы өшірілген. Егер дыбысты жазғыңыз келсе, бейнетіркегіш параметрлерін ашып, жазба дыбысын қосыңыз.
	Жазу кезінде бейне бүлінген	Сенімді өндірушінің сыналған, жоғары сапалы және үйлесімді жад картасын пайдаланыңыз.

Нұсқаулар

1. Құрылғыны қосу
Бейнетіркегішті келесі екі жолмен қосуға болады:

- Камераны қосу үшін қуат түймесін басыңыз.
  Бейнетіркегішті тұтатқышқа қосыңыз, содан кейін автокөлікті іске қосыңыз.
- Бейнетіркегіш автоматты түрде қосылады, себебі ол тұтатқыштан қуат алады.

Ескерту: бейнетіркегіш сыртқы қуат көзіне қосылмаған болса және аккумулятордың заряды төмен болса, оны қосу мүмкін болмайды.

2. Құрылғыны өшіру
Бейнетіркегішті келесі екі жолмен өшіруге болады:

- Қуат түймесін басып тұрыңыз.
- Бейнетіркегішті тұтатқышқа қосыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріңіз. Тұтатқыштан қуат алмағандықтан бейнетіркегіш автоматты түрде өшіріледі.

Бейнетіркегіш келесі жағдайларда автоматты түрде өшіріледі:

- Бейнетіркегіш сыртқы қуат көзіне қосылмаған болса және аккумулятор зарядының деңгейі төмен болса, құрылғы автоматты түрде өшуі мүмкін.
- Бейнетіркегіш сыртқы қуат көзіне қосылмаған болса және сыртқы температура аккумулятордың температуралық диапазонынан асып кетсе, бейнетіркегіш автоматты түрде өшуі мүмкін.
- Сыртқы температура максималды жұмыс температурасынан асып кетсе, бейнетіркегіш автоматты түрде өшуі мүмкін.
- Жад картасы алынған кезде, бейнетіркегіш автоматты түрде өшуі мүмкін.

Ескерту: кейбір автокөліктер қозғалтқыш тоқтағаннан кейін де тұтатқышқа қуат беруді жалғастырады. Мұндай автокөліктерге арналған сақтық шаралары «Электрмен жабдықтау жөніндегі нұсқаулық» бөлімінде келтірілген.

Жылдам баптау

Mi Home қолданбасында құрылғыңызды басқарыңыз және басқа да үйдегі смарт-құрылғылармен өзара әрекеттесіңіз.

1. Mi Home қолданбасын орнатыңыз Mi Home қолданбасын жүктеу үшін QR-кодты сканерлеңіз немесе қолданбалар дүкенін ашыңыз.

2. Құрылғыны қосыңыз

Mi Home қолданбасын ашып, жоғарғы оң жақтағы «+» түймесін басыңыз және құрылғыны қосу үшін нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе. Mi Home қолданбасының нұсқасы жаңартылуы мүмкін, қолданбаның ағымдағы нұсқасының нұсқауларын орындаңыз.

Басты интерфейс



Камераны қосқан сайын, ол автоматты түрде жазбаны бастайды. Жазу кезінде экранның жоғарғы сол жақ бұрышында жыпылықтайтын қызыл нүкте пайда болады.

🔇 :Жазба дыбысы өшірулі, бейне дыбыссыз жазылады. Жазба дыбысын қосу үшін төмендегі түймені басыңыз.

🎙 :Жазба дыбысы қосулы, бейне дыбыспен жазылады. Жазылған дыбыс тек құрылғыда сақталады және бұлтқа жіберілмейді.

▷ :Оқиғаның бейнесін жазу үшін белгішенің астындағы сенсорлық түймені түртіңіз. Бұл бейне тиісті каталогта сақталады.

🖼 :Бейнелер тізімін ашу үшін белгішенің астындағы сенсорлық түймені түртіңіз.
⬡ :Бейнетіркегіш баптауларын ашу үшін белгішенің астындағы сенсорлық түймені түртіңіз.

Ескертпе: әдепкі бойынша жазба дыбысы өшірулі. Дыбысты жазғыңыз келсе, бұл функцияны қолмен қосу қажет.

Күй жолағындағы белгішелер

P : Егер бұл белгіше көрсетілсе, тұраққа қойылған көлікті бақылау функциясы қосылады.
📶 : Егер бұл белгіше көрсетілсе, Wi-Fi қатынасу нүктесі қосулы.
📶 : Егер бұл белгіше көрсетілсе, Wi-Fi қатынасу нүктесі өшірулі.

Пайдалану процесі	Бейнетіркегіш жауап бермейді	Түйреуіш көмегімен бейнетіркегіштегі қалпына келтіру түймесін басыңыз. Бұл жағдайда құрылғы параметрлері қалпына келтіріледі.
Мобильді қолданбаға қосылу	Бейнетіркегішті қосу мүмкін болмады	MI Home қолданбасында бейнетіркегішті қосу кезінде сізге құрылғының белгілі бір ақпаратын жүктеу қажет. Осы уақытта телефонға SIM-картасы салынғанына және ол Интернетке қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Растау жұмыс істемейді	Мобильді қолданбаны бейнетіркегішке қосу кезінде деректерді қорғау үшін бейнетіркегіштің өзінде қосылу сұратуын растау қажет. Міндетті түрде растау процесінен өтіңіз.

Сипаттамалары

Үлгісі: MJXCJLY02BY.
Өнім өлшемі: 87.5 x 53 x 18 мм.
Кіріс кернеуі және ток күші: 5 В, 1.5 А.
Қуат көзі: автокөлік тұтатқышы.
Кескін датчигі: SONY IMX307.
Ажыратымдылығы: 1080p.
Камера: көру бұрышы 140*, F1.8, объективі 6 линзалы.
Датчик: акселерометр.
Аккумулятор түрі: литий-ионды полимерлі
Аккумулятор сыйымдылығы: 470 мА сағ.
Радиожиілік сипаттамалары: Wi-Fi 2.4G.
Жұмыс жиілігі: 2412-2472 МГц.
Ең жоғары шығыс қуаты: 17,9 дБм.
Кеңейтілген сақтау орны: сыйымдылығы 10 немесе одан жоғары 16-64 ГБ MicroSD карталарын қолдайды.
Үйлесімді ОЖ: Android 4.4, iOS 9.0 және одан жаңарақтары.
Сымсыз қосылым: Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n 2.4 ГГц.
Жұмыс температурасы: -10 °C~60 °C.

Қосымша мәлімет алу үшін www.mi.com сайтына кіріңіз

Сақтық шаралары

- Бұл бейнетіркегіш жүргізушілерге көлік айналасындағы жағдайды түсіруге көмектесу үшін жасалған. Ол пайдланушыны қорғауға арналмаған. Компания өнімнің ақаулығынан, ақпараттың жоғалуынан немесе көлік жүргізу кезінде бейнетіркегішті пайдаланудан туындаған жазатайым оқиғалар үшін жауапты емес.
- Бейнетіркегіштің кейбір функциялары автокөліктің жағдайы, жүргізу тәсілі және жол жағдайлары сияқты факторларға байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қуат өшірулі, температура мен ылғалдылық жоғары, соқтығысу немесе жад картасы зақымдаған жағдайларда бейне дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Бейнетіркегішт кез келген жағдайда бейнені толығымен жаза алатынына кепілдік бермейміз, ал бейнетіркегіш жазған барлық материалдар тек ақпараттық сипатқа ие.
- Өнімнің істен шығуын және жарақат алуды болдырмау үшін бейнетіркегіш тиісті түрде орнатылғанына және жүргізушінің алдын да, қауіпсіздік жастықшасын да жауып тұрмайтынына көз жеткізіңіз.
- Бейнетіркегішті күшті магнит өрістеріне жақындатпаңыз, себебі олар өнімді зақымдауы мүмкін.
- Бейнетіркегішті 60 °C-тан жоғары және -10 °C-тан төмен температурада пайдалануға болмайды.
- Егер бейнетіркегіш ұзақ уақыт пайдаланылмаса, аккумулятор зарядының деңгейі нөлге дейін түсуі мүмкін. Мұ жағдайда келесі қосылған кезде жүйені қайта жүктеу керек.
- Өнімге зақым келтірмеу үшін оны қатты соққылар мен дірілдерге жақындатпаңыз. Бұл бейнетіркегіштің дұрыс жұмыс істемеуіне немесе пайдалану мүмкін болмауына әкелуі мүмкін.
- Бейнетіркегішке химиялық еріткіштер мен тазалағыш заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Бейнетіркегішті заңнамаға сәйкес пайдаланыңыз.

Бейне жазу

1. Жазу режимі

Бейнетіркегіш қосылған сайын автоматты түрде жазу режиміне өтеді. Ол бейнені жаза бастағанда, жоғарғы сол жақ бұрышта жыпылықтайтын қызыл нүкте пайда болады.
Бейнетіркегіш келесі жағдайларда бейне жазуды уақытша тоқтатады:

- Бейнетіркегіш бірінші рет қосылған немесе жаңадан бастаушыларға арналған нұсқаулық көрсетілуде.
- Бейнетіркегіш зауыттық параметрлерге келтірілуде.
- Бейнетіркегіш жад картасын форматтауда.
- Бейнетіркегіш қолданбадан жаңарту бумасын алуда.
- Бейнетіркегіш жаңартылуда.
- Сол немесе басқа операция бейнетіркегіштің фотоальбомымен орындалуда (құрылғының өзінде немесе телефондағы қолданбада).

Бейнетіркегіштің негізгі интерфейсіне оралғанда немесе жоғарыда аталған процестердің кез келгенін тоқтатқанда, бейнетіркегіш автоматты түрде бейнені қайтадан жаза бастайды.

Ескерту: әдепкі бойынша, жазу режимінде дыбыс өшірулі болады, егер оны жазғыңыз келсе, бұл функцияны қолмен қосуға болады.

2. Бейне оқиға

Соқтығысу кезінде, сондай-ақ бейнені қолмен түсіру кезінде бейнетіркегіш ыңғайлы іздеу үшін бейнеүзіндіні оқиғалар каталогында сақтай алады. Оқиғаны жазу аяқталғанға дейін бұл режимнен шығуға болмайды. Жазу аяқталғаннан кейін, қалыпты режим автоматты түрде қосылады.

Жад картасын форматтау кезінде жүйе бейне оқиғалар үшін сақтау орнын бөледі. Осы кеңістікті толтырғаннан кейін, ең жаңа бейне оқиғалар ең ескісін ауыстырады. Сондықтан маңызды бейне оқиғаларды телефонға немесе компьютерге мүмкіндігінше тезірек экспорттау қажет.

Бейне оқиғаларды сақтау жад картасының жалпы сыйымдылығының 20%-нан астамын ала алмайды. Осы шекке жеткенде, ең ескі бейне оқиға жойылады, содан кейін жаңасы қосылады. Сондықтан маңызды бейне оқиғаларды телефонға немесе компьютерге импорттау қажет. Сақталатын бейне оқиғалардың максималды саны туралы толық ақпаратты «Бейнелер мен суреттерді сақтау жөніндегі нұсқаулық» бөлімінен қараңыз.

Жол жағдайларының күрделілігіне байланысты біз кез келген төтенше жағдайда бейнетіркегіш файлды бейне оқиғалар каталогына сақтайтынына кепілдік бере алмаймыз. Бейнені бейне оқиғалар каталогынан таба алмасаңыз, кәдімгі бейнелер каталогын тексеріңіз.

Оқиға бейнесін жазуды іске қосатын датчиктің сезімталдығын «Соқтығысуға сезімталдық» бөліміндегі параметрлерде реттеуге болады. Сезімталдық неғұрлым жоғары болса, оқиға бейнесін жазуды белсендіру оңайырақ болады. Бейнетіркегіштің бейне оқиғаларды автоматты түрде жазуын қаламасаңыз, параметрлерде бұл мүмкіндікті өшіруге болады.

Бейне және суретті сақтау

1. Жад картасын пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Бұл бейнетіркегіш стандартты MicroSD карталарын қолдайды. Сыйымдылығы 10 немесе одан жоғары 16-64 ГБ жад карталарын пайдаланады. Жаңа жад картасын пайдаланбас бұрын оны бейнетіркегіште форматтаңыз.

Егер бейне сапасы «өте жоғары» болса, жад картасындағы мазмұнның максималды мөлшері оның сыйымдылығына байланысты болады. Нұсқаулық ретінде келесі деректерді пайдаланыңыз:

Түрі	16 GB	32 GB	64 GB
Кәдімгі бейне	Шамамен 1,5 сағ	Шамамен 3 сағ	Шамамен 6 сағ
Бейне оқиға	Шамамен 12 жағдай	Шамамен 25 жағдай	Шамамен 45 жағдай
Тұраққа қойылған көлікті бейне бақылау	Шамамен 10 жағдай	Шамамен 20 жағдай	Шамамен 40 жағдай
Фото	300 фото		

Көбірек бейне сақтағыңыз келсе, параметрлерге өтіп, «Қалыпты» бейне сапасын таңдай аласыз. Бірнеше рет қайта жазудың нәтижесінде жад картасы зақымдануы немесе тозуы мүмкін. Бұл оның бейнелер мен суреттерді сақтау қабілетіне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда дереу жаңасын ауыстырыңыз. Сенімді өндірушінің сыналған, жоғары сапалы жад картасын пайдаланыңыз. Сапасыз жад карталарына жазу жылдамдығы мәлімделген рейтингке сәйкес келмеуі мүмкін, ал сыйымдылығы көрсетілгеннен төмен болуы мүмкін. Сапасыз жад картасын пайдалану нәтижесінде бейне мен кескіннің жоғалуына жауапты болмаймыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы монтаждауды қажет етпейді. Құрылғыны орнату әдісі осы нұсқаулықта сипатталған.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында қаптамаға салып, 5 °C және 40 °C аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды таситын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі және пайдалану мерзімі құрылғының қаптамасында көрсетілген.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

https://www.dns-shop.ru/service-center/

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Джинэт Интернейшенл Груп (ГК) Лимитед.
705 пәт./каб., 7F, Фа Юнь Коммёршл ғимараты, Фа Юнь көшесі, 77, КЛ, Гонконг, Қытай.
Өндіріс филиалы: 70 май Ко., Лтд.
2220 каб., 2-ғимарат, № 588, Цзысин тас жолы, Миньхан ауданы, Шанхай қ., Қытай.
Ресейдегі импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «Атлас» ЖШҚ.
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы, 155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Қытайда жасалған.
ТМ: Mi.

Тауар Кедендік одақтың КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауардың өндірілген күні, сонымен қатар кепілдік пен пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

v.6